



ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

Әлеуметтік психологияға кіріспе

1-тарау. Әлеуметтік әлемдегі «Мен» ұғымы





Дәрістің мақсаты: оқырмандардың агрессияға не әсер ететіндігі туралы ойларын қалыптастыру.

Жоспар:

1. «Әлеуметтік психология» пәнінің мақсаттары мен міндеттері;
2. Әлеуметтік психология және онымен байланысты пәндер;
3. Әлеуметтік психология теориясы және әлеуметтік психологтар.

Құрметті оқырмандар, біз сіздермен «Әлеуметтік психология» курсы бастаймыз. Бұл курс Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» атты бағдарламалық мақаласына жауап болып табылады. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында Дэвид Майерстің «Әлеуметтік психология» кітабы аударылды.

Дэвид Майерстің айтуынша, оның оқулығы оқырмандардың ой-пікірін, проблемалардың мәнін терең сараптауға, оларды талдау және ғылымның принциптерін нақты өмірде болып жатқан нәрселермен байланыстыруға ынталандыруы керек.

Адамзат тарихында адамның әлеуметтік мінез-құлқы тек жақында ғана аяқталған бір ғасыр аралығында ғылыми тұрғыдан зерттелді. Егер біз тек жолдың басында ғана екенімізді ескеретін болсақ, онда әлі де қол жеткізетін нәтижелер бар деп айта аламыз. Біз сенімдер мен көзқарастар туралы, махаббат пен жеккөрушілік, конформизм мен тәуелсіздік туралы маңызды ақпаратпен байыдық.

Адамзат тарихы соншалықты ұзақ болса да, әлеуметтік психология ғылымының пайда болғанына небәрі бір ғасырдан астам ғана уақыт болды. Бұл ғылымның осынша қысқа мерзімдегі жетістігі, әрине, көңіл қуантады. Осы қысқа уақыт аралығында әлеуметтік психология қаншама жаппай идеяларға ұйытқы болды десеңізші! Сан алуан тәжірибелердің нәтижесінде сенім мен иллюзияның, махаббат пен жек көрудің, үйлесім мен даралықтың сан қыры зерттеу нысанына айналды.

Адамның мінез-құлқының әлі де ашылмаған қырлары көп болса да, әлеуметтік психология бұл саладағы сан түрлі сұрақтарға жауап тапты:

- Біздің саналы және бейсаналы ойларымыздың мінез-құлқымызға қаншалықты әсері бар?
- Адамның ізгілікке де, араздыққа да даяр тұруының себебі неде?
- Әлеуметтік конфликт неден туады және жұмылған жұдырығымызды мейірімді алақанға қалай ауыстыра аламыз?

Дәрісімізде осы сияқты көптеген сұрақтарға жауап іздеп, адамзаттың күш-қуатын арттыруда пайдалы әлеуметтік күштерді жан-жақты түсіндіруге тырыстық. Сондай-ақ зерттеулердің; ғылыми тұрғыдан нақты дәлеліне, адамзат үшін пайдалылығына, айғақтардың жеткілікті, интеллектуалды тұрғыдан негізді болуына; әлеуметтік маңызды құбылыс екеніне; студенттер үшін пайдалы болуына, студенттердің қызығушылығын оята алатынына, күнделікті өмірде қолдана алу сипаттарына баса көңіл бөлінді.

Алдымен, курстың құрылымы қалай болатыны жайлы айтайық, біріншіден, онда келтірілген әлеуметтік психология анықтамасына сәйкес, адамдар бір-бірін қалай ойлайтыны, бір-біріне әсер етіп, өзара қарым-қатынастарына байланысты кейбір тақырыптар әлеуметтік ойлауға арналады, яғни, өзімізді және қоршаған ортаны қалай қабылдайтынымыз туралы. Онда біздің әсеріміздің, интуициямыздың және түсіндіруіміздің дәлдігіне бағалау жүреді. Әлеуметтік әсерді ескеріп отыруды назарымыздан тыс қалдырмаймыз. Біздің көзқарастарымыздың мәдени көздеріне құрметпен қарау және конформизм, наным-сенім және бейсаналық ойлаудың табиғатын зерттеу арқылы бізге әсер ететін жасырын әлеуметтік күштерді жақсы түсіне аламыз. Бұл сондай-ақ теріс және оң әлеуметтік қарым-қатынастың көріністеріне қатысты болады. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің нәтижелерін іс жүзінде қолдану туралы, біз әр дәрісімізде тоқталумен келеміз, сонымен қатар, «Медицинадағы әлеуметтік психология», «Соттағы әлеуметтік психология», «Әлеуметтік психология және тұрақты келешек» сияқты үш тәуелсіз модульден тұратын «Қолданбалы әлеуметтік психология» тақырыбын да қарастырамыз. Оған қоса, мәдени дәстүрлер мен әртүрлі елдерде өткізілген зерттеулердің



нәтижелерін де ескерусіз қалдырмаймыз. Негізгі назар мұқият жүргізілген эксперименттік зерттеулердің нәтижелері негізінде қалыптастырылған әлеуметтік ойлаудың, әлеуметтік әсердің және әлеуметтік мінез-құлықтың негіз қалаушы принциптерінде болады, яғни агрессия, конформизм, жыныс, мәдени ерекшеліктер, сенімдер, стереотиптер және тағы басқалар туралы сөз қозғайтын боламыз.

Әлеуметтік психология – біздің өмірімізге жағдаяттардың әсерін зерттеп, бір-бірімізге қалай қарап, қалай ықпал ететінімізге ерекше назар аударатын ғылым. Нақтырақ айтқанда, бұл – адамдардың бір-бірі туралы не ойлайтыны, бір-біріне қалай әсер ететіні және қарым-қатынасқа қалай түсетіні жөніндегі ғылым.

Француз жазушысы, философ Жан-Поль Сартр «Күлбикеш эффектісін» оңай түсіндіріп еді. «Адам болмысы жағдаятқа байланысты, – деп жазды ол. – Бізді айналамызда қалыптасқан хал-ахуалдан бөліп қарауға болмайды, өйткені жағдай бізді қалыптастырады және мүмкіндіктерімізді анықтайды»

Ертеде бір кісі болыпты. Оның екінші әйелі тақаппар да өзімшіл жан екен. Әйелмен еріп келген екі қыз да – өркөкірек әрі қарақан басының ғана қамын ойлайтын мейірімсіз болып, шешелерінен аумай қалыпты. Ал әлгі кісінің өз қызы – Күлбикеш болса, қарапайым, мінезі жібектей жан екен. Ол шайпау әпкелерінің айтқанын екі етпей, көрсеткен зәбіріне шыдап, үнсіз жүре береді. Бірде Күлбикеш перизат «анасының» көмегімен үйден сытылып шығып, патша сарайындағы балға қатысады. Сол жерде оған сымбатты ханзаданың көзі түседі. Жүректе тұтанған ғашықтықтық сезімінің жетегімен Күлбикешті үйіне іздеп барған ханзада сүйіктісін әуелде танымай қалады.

Адам нанғысыз ба? Бірақ осы ертегі бізді жағдаяттың құдыретіне сендіреді. Адуын өгей шешесінің жанында Күлбикеш көнбіс те қарапайым кейіп танытуға мәжбүр болса, ал патша сарайында құлпырып, күлімдеген кеш аруына айналды. Бірінші жағдайда сұлуымыз теперіш көрді. Екінші жағдайда сымбатты жігіттің жүрегін жаулады.

Осылайша, бұл бізді сол жағдайлардан бөлу мүмкін емес екенін дәлелдейді, өйткені олар бізді қалыптастырады және біздің мүмкіндіктерімізді анықтайды.

Жазушы Герман Мелвилл: «Біздің өміріміз мыңдаған көзге көрінбейтін жіптермен байланысты» деп жазған.

Әлеуметтік психологияның мақсаты – осы байланыстардың мәнін және мағынасын түсіну және ол барлығымызды қызықтыратын сұрақтарға жауап іздей отырып соған барады. Бұл ғылым әлі де болса жас ғылымдардың қатарында.

Әлеуметтік психологиядағы алғашқы эксперименттер туралы ақпарат 1900 жылы пайда болды. 1924 жылы әлеуметтік психология бойынша бірінші оқулық жарыққа шықты. Ол өзінің қазіргі формасына өткен ғасырдың 1930 жылдарында ғана ие болды. Дегенмен бүгінгі күнде пайда болған әлеуметтік психологияның осындай білім беру саласы, тек екінші дүниежүзілік соғыста психологтар жауынгерлерді сендіру және моральдық жағынан зерделеуді жүргізген кезде ғана құрыла басталды.

Әлеуметтік психологияның аса мән беріп, қызығушылығын тудыратын бағыттарын қарастырайық.

Біріншісі – жағдайдың күші. Барлығымыз – өз мәдениетіміздің және нақты жағдайлардың туындысымыз және бұл қолайсыз жағдайлар жақсы ниеттерден гөрі әлдеқайда күшті, адамдарды қателесуге итермелейді және қатыгездікке мойынсұнуға мәжбүр етеді. 90-шы жылдардың басында босниялық мұсылмандармен қанды қақтығыс кезінде, бейбіт жағдайда көрші ретінде қатынас жасаған көптеген сербтер зорлық-зомбылық жасайтын адамдарға айналғанын еске түсірейік.

- Жеке тұлғаның күші. Біз сондай-ақ өзіміздің әлеуметтік әлемімізді құрамыз. Егер топ қатал болса, онда оның мүшелері оған өз үлестерін қосады. Бірдей оқиғаға адамдар әртүрлі көзқараспен қарауы мүмкін. Мысалы көптеген жылдар бойы бас бостандығынан айырылған бір саясаткер бостандыққа шыққаннан кейін де ащы сезімдерден құтыла алмаса, келесі бір жағдайда Оңтүстік Африка елшісі Нельсон Мандела алға жылжып, өз елін біріктіруге тырысады.

- Әлеуметтік танымның маңызы. Бір жағынан, әр адам әртүрлі ойлайтындықтан, әртүрлі әрекет етеді. Біздің досымыздың қорлауына реакциямыз біздің оны түсіндіруімізге бай-



ланысты оның дұшпандық көрінісі деп немесе одан ауыр күн болғандығы деп айтуымызға болады. Әлеуметтік шындық – субъективті тұрғыдан біз жасайтын бір дүние. Өзіміз туралы өз нанымдарымыз да маңызды. Өмірге оптимистік көзқараспен қараймыз ба? Біз жағдайды бақылауда ұстай аламыз деп ойлаймыз ба? Өзімізді басқалардан жақсы немесе жаман деп санаймыз ба? Біз үшін әлемді және өзімізді қалай түсіндіретініміз маңызды.

Пәнаралық байланыс туралы сөз қозғайық

Әлеуметтік психологияны адамдардың бір-біріне қатысты ойлары, бір-біріне қалай әсер ететіндігі және олардың бір-біріне қалай қатысы бары қызықтырады. Алайда, сол мәселелер әлеуметтанушылар мен жеке психология саласындағы мамандарды алаңдатады. Әлеуметтік психология бұл пәндерден қалай ерекшеленеді?

Әлеуметтанушылар мен әлеуметтік психологтарды топтағы адамдардың жүріс-тұрысына ортақ қызығушылық байланыстырады. Сонымен қатар, әлеуметтанушылар кішігірімнен өте үлкендер арасындағы әр түрлі топтарды оқып жатқанда, әлеуметтік психологтар орташа адамдарды зерттейді, яғни индивидуум ретінде бір мезгілде басқалар туралы ойлайды, олардың әсерін сезеді және оларға сілтеме жасайды. Осындай зерттеулер жүргізгенде, топтың екеуі де жеке адамға және топқа әсер етеді.

Бірнеше мысалдарды қарастырайық. Жақын қатынасты зерттей отырып, әлеуметтанушы ресми рәсімделген және азаматтық некелердің, осы саладағы ажырасулар мен тенденцияларға қызығушылық танытуы мүмкін еді, ал әлеуметтік психолог адамдардың бір-біріне қалай қызықты болатынын түсінуге тырысар еді. Нәсілдік қарым-қатынас мәселесі туралы да осылай айтуға болады: әлеуметтанушы орта топтың нәсілдік қатынасы төмен топтардағы нәсілдік қарым-қатынастардан қалай ерекшеленетінін білсе, ал әлеуметтік психолог – адамның нәсілдік қарым-қатынасының қалыптасуын меңгереді.

Әлеуметтанушылар мен әлеуметтік психологтар кейде бірдей зерттеу әдістерін қолданса да, әлеуметтік психологтар эксперименттерге сүйеніп, олар факторды басқара алады. Мысалы, адамға бір жынысты, бірдей жастағы индивидуум әсер ете алатынын түсіну үшін әлеуметтік психолог әсер етуге болатын немесе болмайтын эксперименттік жағдай тудыра алады.

Әлеуметтік психология және жеке тұлғаның психологиясы

Әлеуметтік психология мен жеке психология жеке адамға қызығушылық тұрғысынан бір-бірімен ұқсас келеді. Әлеуметтік психология мен жеке тұлғаның психологиясы арасындағы айырмашылық біріншісінің әлеуметтік сипатқа ие болуымен байланысты. Жеке психология саласындағы мамандардың назарын жеке тұлғаның ішкі әлемі мен жеке айырмашылықтары аударуда, мысалы, оларды кейбір адамдардың басқаларына қарағанда неге агрессивті болатыны қызықтырады.

Олар әлеуметтік жағдайлардың көпшілігінде мейірімділік пен қатыгездік, сәйкестік немесе тәуелсіздік, жанашырлық пен нәзіктік сезімін тудыратын механизмдерді зерттейді.

Әлеуметтік психология және биология

Ең кем дегенде психология негіздерін оқыған әрбір жан адамның биология мен қоршаған ортаның бірлескен өзара әрекеттесуінің нәтижесінен пайда болған жеміс. Эволюциялық психологтар айтқандай, атадан балаға мұра болып қалған адам табиғаты арқасында, біз өзімізді аман қала алған және ұрпақ бере алған ата бабамыздың әрекеттерін өз әрекеттерімізге сәйкестендіруге бейімбіз. Біздің бойымызда өмір сүруге және ұрпақтарға ие болуға мүмкіндік беретін қасиеттерге ие адамдардың және сол әрекеттерді жасаған олардың балаларының гендерін алып жүрміз. Эволюциялық психологтарды жыныстық мінез-құлқымыз бен



Кітап: Әлеуметтік психология

Тарау: 1. Әлеуметтік әлемдегі «Мен» ұғымы

Дәріс: 1. Әлеуметтік психологияға кіріспе

ұрпақ жалғастыруымызға қатысты біздің іс әрекетіміз бен реакциямыз, жеккөрушілік пен агрессияны, қамқорлық пен ынтымақтастыққа бейімділік көрінісінің қалыптасуын табиғи іріктеу қалай алдын ала анықтағаны қызықтырады. Табиғат бізді білім алуға қабілетті болу мүмкіндігімен марапаттады. Біз өзіміздің әлеуметтік контексттерімізге сезімталмыз және оларға жауап береміз. Егер әрбір психологиялық оқиға бір мезгілде биологиялық оқиға болса, онда невробиологияның әлеуметтік мінез-құлықты түсіндіруін қарастыра аламыз. Жан мен дене – бір үлкен жүйе, ал біз бәріміз – биопсихоәлеуметтік ағзалармыз.

Әлеуметтанушы Эндрю Грелей: «Психология өзінің барлық күш-жігеріне қарамастан, мен жауап бере алмаған сияқты, ол да адам өмірінің мәні мен мақсаттары және адам тағдыры сұрақтарына жауап бере алмайды», – деп қорытындылайды.

Әлеуметтік психология – бұл арқылы өзімізге қарай алатын және өзімізді түсіне алатын маңызды тәсілдердің бірі, бірақ жалғыз түрі емес. Әлеуметтік психология – біздің өмірімізге жағдаяттардың әсерін зерттеп, бір-бірімізге қалай қарап, қалай ықпал ететінімізге ерекше назар аударатын ғылым. Әлеуметтік психология – психология мен әлеуметтанудың шегінде дамып отыр. Оның топтар мен қоғамдағы адамдарды зерттейтін әлеуметтанудан айырмашылығы – әлеуметтік психология, негізінен, жекелеген адамдардың болмысын қарастырады және экспериментке жиі жүгінеді. Тұлға психологиясынан айырмашылығы – әлеуметтік психология индивидтердің айырмашылығына онша көңіл аудармай, жұрттың, жалпы, бір-біріне қалай қарайтынын және әсер ететінін зерттейді.

Әлеуметтік психология – қоршаған орта туралы ғылымдардың бірі: мінез-құлықтың әлеуметтік ортаға тәуелділігін зерттейді. Әлеуметтік психологияға тән көзқараспен қатар, адамның табиғатын зерттеуге арналған басқа да көптеген тәсілдер бар, олардың әрқайсысы өз сұрақтарын қойып, оларға жауаптар алады. Бұл әр түрлі көзқарастар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бір-бірін толықтырады.

Әлеуметтік психологтар өз байқауларын біріктіретін және гипотеза ретінде қосатын, сонымен қатар тәжірибелік болжамдары тексеріле алатын теорияларды ұсынады. Сонымен қатар, әлеуметтік психологтар корреляцияны зерттеу негізінде мінез-құлықты болжайтын зерттеулер жүргізеді және жиі мұндай зерттеулер табиғи жолмен жүзеге асырылады. Осындай мінез-құлықты түсіндіру үшін, бір немесе бірнеше факторлармен басқарылатын эксперименттерді жүргізеді және қалғандарын бақылауда ұстайды.

Әлеуметтік психологтардың құндылық бағдары олардың жұмысына тікелей немесе жанама әсер етеді. Бұл қалай жүзеге асады?

Әлеуметтік психология – сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік беретін стратегиялар жиынтығы сияқты айтарлықтай нәтижелер жинағы емес. Ғылымда, сот, мәжіліс залындағыдай, жеке пікірлер қолайсыз. Егер сотқа идеялар берілсе, үкім дәлелдерге байланысты болады. Әлеуметтік психология соншалықты объективті ме? Барлығы қарапайым болғандықтан, жеке құндылықтары – адамдардың өздерін қалай ұстау керектігі және сапалылығына байланысты жеке ойлары өздерінің жұмысына ене алмай ма? Егер олар еніп кетсе, әлеуметтік психология шынымен ғылыми пән болып табылады ма?

Зерттеу тақырыбын таңдаудың өзі әлеуметтік психологтың құндылықтарын көрсетеді. 1940 жылдары Еуропада фашизм кең тарай бастағанда психологтардың алдын ала ескертулерді белсенді зерттей бастағаны; 1950 жылдары біркелкілікке қарсыласу мен сәнге төзімсіздікпен белгіленген кезінде – бізге ыңғайлы жұмыстарды беруі; 1960 жылдары бағынбау мен қылмыстың көбеюі салдарынан агрессияны зерттеуге қызығушылық артуы; 1970 жылдардағы феминистік қозғалыстар гендерлік және сексизм туралы жарияланымдар санының өсуін ынталандыруы; 80-ші жылдар қаруланудың психологиялық аспектілеріне қызығушылық тудыруы, ал 90-шы жылдар халықтың мәдени және нәсілдік айырмашылықтары мен дәстүрлі емес сексуалдық бағдарларды қабылдауға қызығушылығын тудыруы кездейсоқ емес. Әлеуметтік психология әлеуметтік тарихты көрсетеді.

Әлеуметтік ғылымдардағы мамандарға азғыруларды жеңу және «болу керек» тіркесін «бар» тіркесімен сипаттап тайып кету арқылы қателік жасамау қиын. Философтар оны натуралистік алдану деп атайды. Бүгінгі таңда «бар» және «болуы керек» арасындағы алшақтық, ғылыми сипаттамалар мен этикалық рецепт 200 жыл бұрын болған философ Дэвид Юм бұл құбылысқа назар аударған кездегідей кең мағынада қалады. Адам мінез-құлқының, мысалы, жыныстық



қатынастың қандай да бір зерттеулері қандай мінез-құлықтың «дұрыс» екендігі туралы логикалық тұжырымға келмейді. Егер адамдар көпшілік әрекеттерін істемесе, бұл олардың мінез-құлқы «дұрыс емес» дегенді білдірмейді. Керісінше, егер көпшілік жаппай бір нәрсе істесе, бұл мұндай мінез-құлықтың дұрыс екенін білдірмейді. Біз не болуы керек туралы ұйғарымдық мәлімдемелерге жүгіне отырып объективті фактілер туралы мәлімдемелерге көшкен кезде өз құндылықтарымызды қосамыз.

Осылайша, әлеуметтік психологтардың жеке құндылықтары олардың жұмысына әсер етеді. Бұл туралы біздің есімізде болса, біз дұрыс нәрсе істейміз және егер оларға бір нәрсе әділ болса, онда ол әрқайсымызға да қатысты. Біздің әлемге қатысты көзқарастарымыз біздің құндылықтарымыз бен жорамалдарымыздың бастамасы. Біз қаншалықты маңызды деп санайтынымызды білу үшін құндылықтарымыз бен әлеуметтік ұсынымдарымызға байланысты, біз әртүрлі мәдениет әлемімен танысуымыз қажет, оны біз дәрістерімізде уақытылы жасайтын боламыз. Егер сізде адамдар алдымен өздеріне адал болуы керектігіне, әйелдер ер адамдарға қарағанда бірнеше рөлдерді жақсырақ атқаратынына немесе некеде романтикалық махаббаттың болуы керектігіне күмәніңіз болмаса – осы құндылықтармен сәйкес өмір сүріңіз.

Сонымен біз қандай қорытындыға келдік? Ғылым субъективтіліктен айырылған жоқ, оның «қызметтерінен» бас тартуымыз қажет пе? Жоқ. Адамның ойлауы әрдайым интерпретацияны қосатыны және ғылыми талдау жүргізудің негізі болып табылатынын түсіну қажет және бізге әртүрлі сендірумен іске асқан зерттеулер қажет. Адамның ойлауы әрдайым түсіндіруді қажетсінетін түсінік және ғылыми талдау жүргізудің негізі болып табылады; Өз көзқарасын фактілер бойынша үнемі тексеріп, соңғы тануды жақсы тани отырып, біз өзіміздің алдындағы ой-пікірлерімізді бақылап, шектейміз. Жүйелік бақылаулар мен эксперименттер бізге шындыққа тура қарау барысында қызғылт көзілдіріктерден құтылуымызға көмектеседі.

Әлеуметтік психологияның ерекшелігі басқа ғылыми пәндерге қарағанда оған қызығушылық танытатын практиктердің саны 6 миллиард. Адамдарды саябақтарда, көшелерде, мектепте бақылау көпшілікке ортақ хобби. Оларды бақылаған кезде бізде бір-біріне қатысты ойлар, бір-біріне қалай әсер ететіндігі және олар бір-біріне қалай қатысы бары туралы ойлар қалыптасады. Кәсіби психологтар сол әдісті жасайды, бірақ әдістемелі және ынталы түрде.

Әлеуметтік психологтарға, адам өміріне қарағанда, одан да қызықты нәрсе бар екенін елестету қиын. Егер Сократ дұрыс айтса, шын мәнінде «егер өмірді зерттемейтін болсаң, онда өмір сүрудің қажеті жоқ», тіпті өзіңді білу – лайықты мақсат.

Ғалымдар адам табиғатының жасырын жатқан құпияларын меңгеріп, өз идеялары бен жаңалықтарын жүйелеп және соның негізінде теория жасайды. Теория – бақыланатын феномендерді түсіндіретін және болжайтын принциптердің интеграцияланған жүйесі. Теорияны «ғылымның стенографиясы» деп те айтуға болады.

Тұрмыстық деңгейде «теория» ұғымы – көбінесе «фактіге қарағанда аз» бір нәрсенің, гипотеза арқылы теориядан фактіге дейін апаратын сенімділік сатысының аралық баспалдағы дегенді білдіреді. Ғалымдар үшін фактілер мен теориялар – алмалар мен апельсиндер секілді мүлде әртүрлі ұғымдар. Фактілер – біз бақылайтын нәрселер туралы бекітілген пайымдар. Теориялар – бұл фактілерді түсіндіріп, қорытындылайтын ойлар жиынтығы. Француз ғалымы Жюль-Анри Пуанкаре: «Үй тастан қаланатыны сияқты, ғылым фактілерден тұрады, бірақ тастар үйіндісі де әлі үй емес екені сияқты, фактілер жиынтығы да – әлі ғылым емес», – деп тұжырымдайды.

Теория тек қорытынды жасап қана қоймайды, ол гипотеза деп аталатын жорамалдарды да тексереді. Гипотезалар бірнеше мақсатқа қызмет атқарады. Біріншіден, теорияны тексеруге мүмкіндік беріп, оны теріске шығаратын немесе бекітетін тәсілдер ұсынады. Жорамал жасай отырып, теория сөзден іске көшеді. Екіншіден, зерттеу бағыттарын анықтайды және кейде зерттеушілерді, бұған дейін ойына да келмеген тың мәселелерді, тосын жайларды зерттеуге бағыттайды. Үшіншіден, теория жақсы болса, болашақта болжау мүмкіндігі де мол болмақ. Ал мұның практикалық мәні зор.

Мысалы, агрессияның жан-жақты қамтылған теориясының арқасында агрессияны қай кезде күтуге және оны қалай бақылауға болатынын болжау мүмкіндігі бар. Қазіргі әлеуметтік психологияның негізін салушылардың бірі Курт Левин айтқандай: «Жақсы теориядан артық тиімді нәрсе жоқ».



Нақты мысал келтірейік. Басқаларды тонайтын, мазақ қылатын немесе шабуыл жасайтын адамдар ондай әрекеттерін әдетте топ немесе тобыр ішінде болған кезде жасайтынын көреміз. Осыған сүйене отырып, тобырдың немесе топтың бір бөлшегі болғанда, жеке тұлғалардың өзі жауапкершілікті ұмытып, жаман әрекеттерге бой алдыратынын, өздерін тежей алмай қалатынын байқаймыз. Бұл теорияны қалай тексере аламыз? Топ ішіндегі жекелеген адамға электр тогы қуатының көмегімен құрбанды жазалауды ұсынып, ал топ ішінде «жазалаушы» кім болғаны белгісіз қалатындай жағдай жасасақ, теориямыз болжағандай, топтағылар жеке адамға қарағанда қаттырақ тоқпен ұрар ма еді?

Сондай-ақ анонимдік, жасырын істеу деңгейін өзгертіп көрсек: бетперде киген адамдар қуаттырақ тоқты қолданар ма еді? Егер нәтижелер гипотезамызды растаса, онда мұны практика жүзінде қолдануға болар еді. Полицейлердің киіміне аттарын үлкейтілген әріптермен бадырайтып жазса, көлік нөмірлерін өте жақсы көрінетін етіп орнатса немесе қамауға алу сәтін бейнежазбаға түсіріп алса, полиция қатыгездікке бармас па еді? Қазіргі уақытта көптеген қалаларда бұл тәжірибе қолданылып келеді де. Бірақ біз бір теорияның басқасынан жақсы екенін қалай білеміз? Жақсы теория:

- Көптеген бақылау нәтижелерін тиімді біріктіреді;
- Айқын гипотезалар береді, оларды біз қолдана аламыз;
- Теорияны растайды немесе өзгертеді;
- Жаңа зерттеулерге жол ашады;
- Практикалық көмегі зор.

Біз теориялардан әдетте олардың қате болғаны дәлелденгені үшін бас тартпаймыз. Керісінше, көліктер секілді жаңа, жақсырақ моделі шыққанда ескісін ауыстырамыз. Енді сахнаның ар жағына барып, әлеуметтік психологияның қалай жасалатынын бақылайық. Зерттеу нәтижелерін бағалау үшін сахнаның ар жағында аз ғана уақыт болу жеткілікті. Зерттеу логикасын түсіну қоғамда күнделікті болып жатқан оқиғаларға анықтап қарауға және БАҚ-тан оқып-көргендерімізді қабылдауға көмектеседі.

Әлеуметтік психологиялық зерттеулер лабораториялық, яғни бақыланатын жағдаяттар және тұрмыстық, яғни күнделікті жағдаяттар болуы мүмкін.

Олар бір-бірінен зерттеу әдістері жағынан да ерекшеленеді – корреляциялық зерттеулер, яғни екі немесе одан да көп факторлар арасындағы табиғи байланыс бар-жоғын анықтау және эксперименттік зерттеулер, яғни жайттың басқаға ықпалын көру үшін кейбір факторлармен айла-шарғы жасау арқылы белгілі. Егер сіз БАҚ-та баяндалатын хабарларға сыни көзбен қарайтын оқырман болғыңыз келсе, онда сізге корреляциялық және эксперименттік зерттеулер арасындағы айырмашылықты түсіну пайдалы болады. Зерттеулердің нәтижелерін алға қойылған идеяларға сәйкес қорытындылай отырып, әлеуметтік психологтар теориялар жасайды. Жақсы теория әртүрлі фактілерді болжамдық қағидалардың әлдеқайда қысқа тізіміне айналдырады. Біз оларды теорияны растауға немесе өзгертуге, жаңа зерттеулер жүргізуге және практикалық ұсыныстарды беруде қолданамыз.

Әлеуметтік психологиядағы зерттеулердің басым бөлігі – корреляциялық зерттеулер немесе эксперименталды зерттеулер. Кейде жүйелі зерттеу әдістері пайдаланылатын корреляциялық зерттеулер айнымалылар арасындағы байланысты анықтайды, мысалы, білім деңгейі мен табыс деңгейі арасындағы байланыс. Екі параметрдің табиғи байланысы бар екенін білу пайдалы, бірақ бұл байланыс қайсысы себеп және қайсысы салдар екенін қорытындылауға сирек мүмкіндік береді.

Мүмкіндік болған жағдайда, әлеуметтік психологтар себеп-салдарлық қатынастарды анықтайтын эксперименттер жүргізеді. Миниатюралардан шындықты қалыптастырып және оны басқару арқылы эксперименттерге бір параметрді басқа бірінен кейін өзгертуге мүмкіндік береді және оларды қалай – жеке немесе бірге – субъектілердің мінез-құлқына әсер ететінін көруге жағдай жасайды. Кездейсоқ бөлу қағидатын басшылыққа ала отырып, біз зерттеушілерді екі топқа бөлеміз – мүшелері тәуелсіз айнымалылардың әсеріне ұшырайтын эксперименталды және мүшелері осындай әсерге ұшырамайтын бақылаушы. Бұл тәуелсіз айнымалылық әрекеті екі топтың шарттарын мінез-құлқындағы кез-келген айырмашылықтары арқылы одан әрі анықтауға мүмкіндік береді.



Кітап: Әлеуметтік психология
Тарау: 1. Әлеуметтік әлемдегі «Мен» ұғымы
Дәріс: 1. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тәжірибе сценарийін құрастыру кезінде әлеуметтік психологтар кейде сыналатын эмоцияналдық қысымнан талап ететін «инсценировка» қалыптастырады. Осылай жасай отырып, олар кәсіби этика кодексі талаптарын сақтауы керек, оларға экспериментке қатысуға келісін алу қажетті шарт ретінде потенциалды сыналушыларды ақпараттандыру, сыналушыларға қауіп келтірмеу және кез келген уақытша алдаудың кейінгі толық түсіндірмесі болуы жатады. Зертханалық тәжірибелер әлеуметтік психологтарға күнделікті өмірдің байқауынан туындайтын идеяларды тексеруге мүмкіндік береді, содан кейін алынған нәтижелерді практикалық ұсыныстар түрінде қолдануына болады.

Осылайша, әлеуметтік психология курсы туралы айтылғандарды қорытындылай келе, біз осы саладағы білімді мүмкіндігінше көп адамдарға қол жетімді етуге тырысамыз, студенттерге өз өмірлерін қызықты әрі толыққанды қылуға көмектесуге жағдай жасаймыз. Келесі дәрісте біз әлеуметтік ойлау тақырыбына көшеміз.